

## Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының Жезқазған кентін тарату туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 93/01 бірлескен қаулысы және Ұлытау облыстық мәслихатының 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 23/213 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 23 желтоқсанда № 163-20 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Сәтбаев қаласы әкімдігінің және Сәтбаев қалалық мәслихатының пікірін ескере отырып, Ұлытау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ұлытау облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Есепті деректерден шығарылып, Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының Жезқазған кенті таратылсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы*

*Д.Рыспеков*

*Б.Шингисов*